

Білім беру мекемесі мен «Степногорск қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ арасында тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл ауқаты саласындағы көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша

## **МЕМОРАНДУМ**

Степногорск қ.

2021 жылғы « 04» қаңтар

Осы Меморандум «Степногорск қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ мен білім беру мекемесі арасындағы өзара түсіністік туралы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларын сақтау мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы (бұдан әрі - Меморандум) :

«Степногорск қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ-басшы Гулюза Нурихановна Абрамович (Тарап1), сондай-ақ «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Ақсу кентінің №1 жалпы орта білім беретін мектебі » КММ басшысы Муканов Саят Дулатович (Тарап 2) тұлғасы арасында жасалды.

БСН / ЖСН 041240006233

бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталады.

Тараптар осы Меморандуммен төмендегілер туралы келіседі:

### **1 бап. Меморандум мақсаты**

Осы Меморандумның мақсаты білім беру мекемесінің санитарлық ережелерін орындау, ыстық тамақтың ұйымдастырылуын жақсарту және балалардың денсаулығын нығайту болып табылады.

### **2-бап**

1. Тәрбие және білім беру объектілерінде білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тамақтандыру нормаларының орындалуы ("брутто" массасында) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздагы

№ 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысымен регламенттелген.

2. Объектіде перспективалы маусымдық (жаз – күз, қыс – көктем) ұтымды, теңгерімді мәзір жасалады. Мәзірді әзірлеу кезінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің болу ұзақтығы, олардың жас санаты ескеріледі, витаминді-минералды кешенмен байытылған тамақ өнімдері көзделеді.

3. Жасына байланысты тағам порциясының салмағы нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес көрсетіледі.

Нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес сәйкес тамақ өнімдерін ауыстыруға жол беріледі.

4. Күн сайын тамақтану залында объектінің басшысы бекіткен ас мәзірі ілінеді, онда тағамдардың атаулары, әрбір дайын тағамның шығуы көрсетіледі.

### **3-бап**

1. Тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын қабылдау олардың сапасы мен қауіпсіздігін қуәландыратын құжаттар болған кезде Санитариялық қағидаларға 9-қосымшаның 1-нысанына сәйкес тез бұзылатын тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттардың бракераж журналына деректерді енгізе отырып жүзеге асырылады.

2. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануында ауыл шаруашылығы мақсатындағы ұйымдарда, оқу-тәжірибе және бау-бақша участкерінде, білім беру ұйымдарының жылыштарында өсірілген өсімдіктен алынатын азық-түлік шикізатын көрсетілген тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын зертханалық-аспалтық зерттеулердің нәтижелері болған кезде пайдалануға жол беріледі.

3. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ас блогының өндірістік үй-жайларында болуына және оларды тамақ дайындаумен, көкөністерді тазалаумен, дайын тамақты таратумен, нан кесумен, ыдыс жуумен, өндірістік үй-жайларды жинаумен байланысты жұмыстарға тартуға жол берілмейді.

4. Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау төмен температуралы тоқазытқыш жабдықтарында және (немесе) тоқазытқыш камераларында және (немесе) тоқазытқыштарда жүзеге асырылады. Температураны бақылау үшін термометрлер орнатылады. Сынап термометрлерін пайдалануға жол берілмейді.

### **4-бап**

1. Білім беру ұйымдарында жол берілмейді:

1) ұйыған сүтті, ірімшікті, айранды;  
Толтырылған құймақтарды;  
флоттық макаронды;  
зельцев, форшмаков, сілікпе, паштеттерді;  
кремі бар кондитерлік өнімдерді;  
тұтыну орамаларындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад, кәмпіт, пешене);  
морстерді, квастарды;  
фритюрде қуырылған бұйымдарды;  
пісірілген жұмыртқа, уыздықты-жұмыртқа;  
курделі (төрт компоненттен астам) салаттар; қаймақ пен майонез қосылған салаттарды;  
көксорпаларды;  
санырауқұлақтарды;  
өнеркәсіптік емес (үйде) дайындалған тамақ өнімдерді;  
төз дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізіндегі бірінші және екінші курстар;

газдалған, емдік және емдік-асханалық минералды суларды, тәтті алкогольсіз сусындарды, алкогольсіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындарды (оралған минералды және ауыз суларды қоспағанда);

фаст-фудтар: гамбургерлер, хот-догтар, чипстер, кепкен нандарды, болжауларды;  
аңзы тұздықтар, кетчуптар, қүйдіргіш дәмдеуіштер (бұрыш, желкек, қыша) дайындау және сатуды;

2) термиялық өндеусіз пастерленбеген сүтті, сұзбе және қаймағын;

суда жүзетін құстардың жұмыртқалары мен етін;

ауыл шаруашылығы жануарларының аурулары бойынша қолайсыз шаруашылықтардан алынған сүт және сүт өнімдері;

тілін, жүрегін қоспағанда, өнімді жануарлар мен құстардың субөнімдерін;

өнімді мал еті мен құс етін механикалық жолмен сүйектен айырған;

құс етінен жасалған құрамында коллаген бар шикізатын;

қайта мұздатуға ұшыраған өнімді жануарлар мен құстардың сою өнімдерін; генетикалық түрлендірілген шикізат және (немесе) құрамында генетикалық түрлендірілген көздер бар шикізаттарын; йодталмаған тұз және құрамында темір бар дәрумендермен, минералдармен байытылмаған (сұрыпталмаған) жоғары және бірінші сортты бидай ұнын пайдалану.

Білім беру объектілерінде тамақ өнімдерін өткізетін автоматтарды орнатуға жол берілмейді.

Жаппай сауықтыру рәсімі ретінде оттегі коктейльдерін өткізуге жол берілмейді.

### **5-бап**

1. Объектіде нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес өндірістік бақылау ұйымдастырылады және жүргізіледі.

### **6-бап**

1. Білім беру объектілерінде медициналық қызмет көрсету қамтамасыз етіледі.
2. Медицина қызметкері болмаған кезде медициналық қызмет көрсетуді алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымы жүзеге асырады.

### **7-бап. Қорытынды ережелер**

1. Осы Меморандумға қол қойған Тараптардың әрқайсысы өз өкілеттіктері шегінде өз жауапкершілігін мойындаиды және өзара келісім мен жасалған уағдаластықтар қағидаттарында туындаған проблемаларды шешуде ынтымақтасуға міндеттенеді.

2. Осы Меморандумның баптарын түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды кеңестер мен келіссөздер жолымен шешеді.

3. Осы Меморандум Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден бірдей занды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 данада жасалды.

4. Меморандумға барлық өзгерістер мен толықтырулар кеңестер мен келіссөздер жүргізу жолымен екі тараптың келісімі бойынша енгізіледі.

5. Осы Меморандум Тараптар арасында қол қойылған сәтten бастап күшіне енеді. (31.12.2022 дейін)

Осы Меморандумға қол қойды:

«Степногорск қалалық санитарлық-  
эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ  
басшысы

«Ақмола облысы білім басқармасының  
Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі  
Ақсу кентінің №1 жалпы орта білім беретін мектебі»



Г.Абрамович

С. Муканов